

# **Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 акпандығы № 802 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 659 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 88-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама);

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, сондай-ақ мұдделі ұйымдар (келісім бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Тұжырымдаманың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынын.

3. Осы Жарлыққа косымшага сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) осы Жарлықтан туындаитын шараларды қабылдасын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Денгі*

*Қазақстан*

*Республикасының*

*е6*

тан  
центінің

жылғы  
802

ІЛГЕН

Республикасы

2 ақпандығы

Жарлығымен

## **Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы**

# МАЗМҰНЫ

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл

- 1. ғымдаманың паспорты
- 2. ағы ахуалды талдау
- 3. аралық тәжірибелі шолу
- 4. лас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту пайымы
- 5. лас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері
- 6. алы индикаторлар және күтілетін нәтижелер
- 7. ғымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары (қосымша)

## 1-бөлім. Тұжырымдаманың паспорты

тан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-  
жылдарға арналған тұжырымдамасы  
тан Республикасы Президентінің тапсырмасы (Мемлекет басшысының  
күлғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел  
деуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру  
дегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 88-тармағы)  
уге жауапты тан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі  
кеттік орган ілас жемқорлыққа қарсы қызмет)  
зыруға жауапты кеттік органдар, ведомстволық бағынысты ұйымдар, квазимемлекеттік  
кеттік органдар субъектілері  
ымдар  
зыру мерзімдері 026 жылдар

## 2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

### 2.1. Қол жеткізілген нәтижелер

Қазақстанның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай, ұлттық практика мен озық шетелдік тәжірибелі ескере отырып, ұдайы жетілдіріліп отырады.

Бұл бағытта жүйелі және кешенді тәсіл Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 [Жарлығымен](#) бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын (бұдан әрі – Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия) іске асыру арқылы қамтамасыз етілді.

"Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" [Заныңың](#) қабылдануына орай алдын алу және қылмыстық-құқықтық құралдардың ақылға қонымды теңгерімі бар сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі құрылды.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту және оның кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру арқылы азаматтық қоғам сыйбайлас жемқорлықпен күреске белсенді түрде тартылуда.

Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәуелсіз уәкілдегі орган – Қазақстан Республикасының

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) құрылды.

Агенттік мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты жүргізушісі бола отырып, өз қызметінде тиімді алдын алу, ауқымды ағарту, қоғаммен сындарлы әріптестік және қылмыстық-құқықтық шаралар элементтерін ұштастырады.

Жобалық басқару шеңберінде әрбір мемлекеттік орган үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша үлгілік базалық бағытты енгізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің үйлестіруші әлеуетін күшетті.

#### Мемлекеттік қызметтегі алдын алу шаралары

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" жаңа [Занмен](#) мемлекеттік қызметтің "мансантық" моделіне көшу қамтамасыз етілді, ашық конкурстық іріктеу, құзыреттілік негізінде ілгерілету тетіктері арқылы меритократия қағидаттары енгізілді. Командалық аудиулар үшін жасалатын жағдайлар азайтылып, мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалау жүйесі түбекейлі қайта қаралды, жұмыс нәтижелеріне байланысты енбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін синап көру жүргізілді.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі қолданылуда, жергілікті және орталық мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі уәкілдер институты құрылды. Әдеп жөніндегі кеңестер жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызметшілер, Парламент депутаттары мен судьялар үшін шетелдік банктерде шоттарды иеленуге сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа шектеу енгізілді.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сыйлықтарды алуға және сыйға тартуға толық тыйым салу көзделген.

Аталған адамдардың жақын туыстарымен, жұбайларымен және жекжаттарымен бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу туралы нормалар күшеттілді. Мемлекеттік лауазымға кандидаттар мемлекеттік ұйымда жұмыс істейтін туыстары туралы хабардар етуге міндетті.

Қаржылық бақылау шаралары жетілдірілді. 2021 жылы мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген тұлғалар, сондай-ақ олардың жұбайлары жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде өздерінің барлық активтерін тіркең, "кіріс" декларацияларын ұсынды. 2022 жылдан бастап кірістер мен шығыстарды салыстыру жүзеге асырылатын болады.

Әкімдердің қызметін бағалау "сыбайлас жемқорлық деңгейі" нысаналы индикаторымен толықтырылды және сыбайлас жемқорлық индексін өнірлік өлшеу әдістемесі бекітілді.

Соттар мен құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын барынша азайту

Судьяларды іріктеу және бағалау жүйесі жаксартылды. Облыстық және оларға теңестірілген соттарда судьяның әдебі жөніндегі комиссиялар жұмыс істейді, Жоғарғы Соттың жаңындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің ішкі қауіпсіздік және соттарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу болімі құрылды.

"Татуластыруши судья" лауазымы енгізілді, бұл соттарға жүктемені үш есе азайты: істердің жартысына жығыры татуласумен аяқталуда, тарараптар сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтып, дауды өздері шешуде.

Сот процестері онлайн-режимге ауыстырылды. Істерді автоматты бөлу алгоритмінде айлашарғы жасау мүмкіндігі жойылды.

Зан үстемдігі қағидатын сөзсіз қолдану мақсатында, халықаралық бизнестің азаматтық және коммерциялық дауларын жедел шешу үшін ерекше құқықтық режим шенберінде жұмыс істейтін "Астана" халықаралық қаржы орталығының Тәуелсіз соты құрылды.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау кепілдіктерін күшеттүге, жазалаудың бұлтартастығына және сыйбайлар жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қылмыстық процестің үш буынды моделі енгізілуде.

Пенитенциарлық мекемелерде және полицияның қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ құқық қорғау органдарының барлық жедел-тергеу бөлімшелерінде жаппай бейне-байқау енгізілуде.

Құнделікті практикада сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, әкімшілік іс жүргізуң, тексеру субъектілері мен объектілерін есепке алудың электрондық жүйелері, сондай-ақ "Qamqor" ақпараттық сервисі қолданылады.

Құқық бұзушылардың лауазымды адамдармен тікелей байланысын болдырмайтын "Сергек" жол жүрісін бейне-бақылау практикасын кеңейту құқық қорғау органдарының қызметіндегі сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін төмендету үшін цифрандыруды пайдаланудың жарқын мысалы болып табылады.

Құқық қорғау жүйесіне мемлекеттік қызметте қолданылатын рекрутинг стандарттарын енгізу іріктеудің айқындылығын және тиісінше, кадрлардың сапасы мен "тазалығын" қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сыйбайлар жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілігін күшеттүмен қатар, олардың жалақысын арттыру бойынша шаралар қабылданды, сондай-ақ жекелеген санаттарға тұрғын үйді жалға алу және сатып алу шығындарын өтеу көзделген.

Қоғамдық бақылауды кеңейту, мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету

Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың тұтас қатары әрекет ететін қоғамдық бақылау күшеттілді.

Ұлттық алдын алу тетігі, қоғамдық байқаушы комиссиялар белсенді жұмыс істеуде. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды.

"Халық үніне құлак асатын мемлекет" тұжырымдамасы шенберінде азаматтық қоғамды шешімдер қабылдау процестеріне тарту үшін тиімді институционалдық-құқықтық негіз қалыптастырылды.

"Қоғамдық кеңестер туралы" [Занға](#) өзгерістер енгізу арқылы қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесі кеңейтілді.

Қоғамдық бақылауды енгізу процесінде саяси партиялар маңызды рөл атқарады. "Nur Otan" партиясы 2025 жылға дейінгі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын қабылдады, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар бастамалар "Өзгерістер жолы: әр азamatқа лайықты өмір!" атты сайлауалды бағдарлама шенберінде іске асырылуда.

Жұртшылық өкілдерінен құрылған арнаулы мониторингтік топ Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуын бағалауды қамтамасыз етті.

"Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Занда қоғам алдында есеп беретін және транспарентті мемлекетті қалыптастыру үшін негіздер қаланды.

"Ашық үкімет" электрондық платформасында ашық деректердің бес порталы құрылды: "Ашық бюджеттер", "Ашық НҚА", "Ашық деректер", "Мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау", "Ашық диалог".

Бұл ресурстар азаматтардың бюджеттік бағдарламаларды, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылауға қатысуына, статистикалық ақпарат алуына және мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына проблемалық мәселелермен жүргінуіне мүмкіндік береді.

"e-Өтініш" арнаулы сервисін енгізу арқылы азаматтардың жолданымдарымен жұмысты қайта іске қосу жүзеге асырылды, ол шағымдарды ыңғайлыш және жылдам беруге, олардың қаралуын онлайн-режимде қадағалауға мүмкіндік береді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануына орай жария-құқықтық дауларды қарау кезінде жеке және занды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктері енгізілді, сондай-ақ билік органдарының шешімдер қабылдау процесіне азаматтардың қатысу кепілдіктері күштейтілді.

Жұртшылық қатарынан 150 тәуелсіз сарапшыны тарта отырып, 11,2 мың нормативтік құқықтық актінің жобасына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізілді, бұл 30 мыңдан астам сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Өнірлік мәні бар маңызды мәселелерді шешуге азаматтардың қатысуына негізделген жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді моделі дамытылуда.

Астананың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындарына аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру және санитариялық тазарту жөніндегі жобаларға бастамашылық етуге мүмкіндік беретін "халық қатысатын бюджет" енгізілді.

Бюджеттің төртінші деңгейін қалыптастыру арқылы ауыл халқының бюджет қаражатының не үшін жұмсалатынын дербес анықтау мүмкіндігі бар.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің, кенттер мен ауылдардың әкімдерін сайлау енгізілді.

"Адалдық алаңы" жобасының ауқымы ел бойынша кеңейтілді, ол сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде мемлекеттік органдардың азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл арналарын құруға мүмкіндік берді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық идеологиясын және сыйбайлас жемқорлыққа "мұлдем төзбеушілікті" ілгерілету

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық қозғалысқа барлық мұдделі топтар: окушылар, студенттер, оқытушылар, мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, инвесторлар, тәуелсіз сарапшылар, еріктілер және басқалар тартылған.

Бакалавриаттың барлық мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалары "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері" элективті пәнімен толықтырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары стандарттары бар қазақстандық бірқатар жоғары оқуорындары Академиялық адалдық лигасына бірікті.

Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдемдесетін азаматтарды көтермеледің сарапанған жүйесі енгізілді. Енді сыйақылар бұрынғыдай белгіленген мөлшерде емес, параның немесе келтірілген залалдың мөлшеріне қарай төленеді. Ең жоғары төлем төрт мың айлық есептік көрсеткішті құрауы мүмкін.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру бойынша кешенді шаралар қабылданды. "Транспаренси Қазақстан" қоғамдық қорының "2020 жылы Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық жай-күйінің мониторингі" атты зерттеуінің деректері бойынша қазақстандықтардың 60%-ы сыбайлас жемқорлықпен құресте көмек көрсетуге дайын екендіктерін білдірді.

### Бизнес-процестерді автоматтандыру

Жаңа технологияларды қолдану мемлекеттік органдардың клиентке бағдарлануының басым міндетін көрсете отырып, азаматтарға электрондық және мобиЛЬДІК форматтарда қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан "электрондық үкіметтің" даму деңгейі бойынша рейтингте БҮҮ-та мүше 193 елдің арасында – 29-орынды (2018 ж. – 39), ТМД елдері арасында – 1-орынды, Азия елдері арасында 6-орынды иеленді.

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі кешенді және дәйекті жұмыстың нәтижесінде Қазақстанның позициясы жақсарды.

Трансформациялық процестер көптеген әлеуметтік-сезімтал салаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға ықпал етті.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру әкімшілік кедергілерді және сыбайлас жемқорлықтың басқа да алғышарттарын азайтуға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары, регламенттері мен қағидалары бірынғай құжатқа жинақталды. Халыққа және кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтер "бір терезе" қағидаты бойынша көрсетілуде, проактивті қызметтер дамытылуда.

2020 жылы электрондық көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесі – 90%, көрсетілетін қызметті алушылардың олардың сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану деңгейі 75,1% болды (2018 ж. – 72,4%, 2019 ж. – 74,8%).

Квазимемлекеттік және жекеше секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерді құру заңнамалық түрғыдан бекітілді.

"Казимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Заң қабылданды, ол "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ қорының, өзге де ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, олардың еншілес ұйымдарының сатып алуын біріздендірді.

Камералдық бақылаумен сатып алудың электрондық тетігі, жосықсыз қатысушылар тізілімі енгізілді, конкурстан тыс рәсімдер үшін талаптар жоғарылатылды.

2021 жылдан бастап есеп беруді күшейту мақсатында казимемлекеттік секторда қоғамдық кеңестер құрылуда.

Казимемлекеттік секторда сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың әлеуетті субъектілерінің ауқымы кеңейтілді. Оларға сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі шешімдер қабылдауға уәкілдегі не мемлекеттік бюджеттен және Ұлттық қордан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты адамдар жатқызылды.

Бизнес-қоғамдастық Қазақстан кәсіпкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі хартиясын қабылдады, ол отандық бизнесті озық халықаралық тәжірибеге негізделген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қосымша тетіктерін енгізуге шақырады.

Сыйбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту және жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету

Сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін мемлекеттік қызметке және казимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуға өмір бойына тыйым салу қолданылады.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, судьяларға, пара берушілер мен парақорлықтағы делдалдарға сыйбайлас жемқорлық қылмыстары үшін санкциялар қатаңдатылды.

Ауыр және аса ауыр сыйбайлас жемқорлық қылмыстар үшін сотталғандарға мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігі алып тасталды. Парақорлық үшін жазаны бірден қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде өтеуге тыйым салынды.

Мемлекеттік органдар, ұйымдар, казимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қарамағындағы қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлығы үшін дербес жауапкершілігі институты енгізілді. Ол енгізілген сәттен бастап 8 саяси қызметшінің отставкасы қабылданып, 13 саяси қызметші, басшылық деңгейдегі 98 мемлекеттік әкімшілік қызметші, күштік блоктың 109 басшысы және казимемлекеттік сектордың 21 топ-менеджері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Жалпы, 2018-2020 жылдары сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін 3 мыңдан астам адам сотталды, олардың ішінде 1 министр, 3 вице-министр, 8 облыс әкімі және олардың орынбасарлары, 31 қала, аудан әкімі және олардың орынбасарлары, ұлттық компаниялардың 8 басшысы бар.

### Халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан сыйбайлас жемқорлыққа және кірістерді жылыштатуға қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі халықаралық конвенцияларға, Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Істамбул іс-қимыл жоспарына (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭҮДҰ) желісі шенберінде) қосылды және Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобына (ГРЕКО) кірді.

Халықаралық ұйымдармен және шетелдік сыйбайлас жемқорлыққа қарсы органдармен сындарлы өзара іс-қымыл жолға қойылды.

2019 жылы ЭҮДҰ-ның Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдеріне арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы желісінің пленарлық отырысында мониторингтік топ Үстамбұл жоспарының 4-раунды ұсынымдарының орындалуы туралы Қазақстанның аралық есебіне он бага берді (29 ұсынымның 20-сы бойынша ілгерілеушілік байқалды).

Қабылданған шаралар қоғамдағы сыйбайлас жемқорлық көріністерін одан әрі жоюдың берік іргетасын қалады, бұл 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның Transparency International Сыйбайлас жемқорлықты түйсіну индексінде алғаш рет 38 балл (екі жылда +7 балл) жинап, 180 елдің арасында 94-орынға (екі жылда +30 позиция) ауысуына мүмкіндік берді.

## 2.2. Орта мерзімді перспективада шешуді талап ететін түйінді проблемалар

### "Тұрмыстық" сыйбайлас жемқорлық

Азаматтар мен кәсіпкерлердің күнделікті өмірде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен өзара іс-қымыл жасауына байланысты "тұрмыстық" сыйбайлас жемқорлық іс жүзінде көптеген салаларда сақталып отыр.

"Транспаренси Қазақстан" қоғамдық қоры жүргізген "2020 жылғы сыйбайлас жемқорлық жай-күйінің мониторингі" әлеуметтанушылық зерттеуінің нәтижелері бойынша сыйбайлас жемқорлық тұрғысынан сезімтал органдар мен мекемелердің тізбесі жылдан-жылға іс жүзінде өзгөрмейді: мемлекеттік емханалар мен ауруханалар, полиция, жер қатынастары басқармалары, ХҚКО-лар, мемлекеттік балабақшалар мен жоғары оқу орындары.

Соңғы үш жылда сыйбайлас жемқорлық қылмыскерлік құрылымының едәуір бөлігін – 50%-дан астамын паракорлық фактілері алғып отыр.

Негізгі себептер қатарында: сақталып отырған әкімшілік кедергілер, екіншідей мағыналы және дискрециялық нормалар, мемлекеттік органдардың жеткіліксіз ашықтығы, баламалы (қағаз) негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үлесінің жоғары болуы бар.

Нақты жағдайларға, өнірлік, салалық және өзге де ерекшеліктерге сүйене отырып, әртүрлі әлеуметтік топтарға олардың құқықтарын, міндеттері мен рәсімдерін қолжетімді және түсінікті етіп түсіндіру стандарттары болмай отыр.

Мұның өзі мемлекеттік басқарудың бизнес-процестерін автоматтандыруданың кемшіліктер мен олқылықтарға да байланысты.

Цифрлық шешімдердің бір бөлігінің сапасыз және жартылай іске асырылуына байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауда. Көбінесе лауазымды адамдар "жалған" цифrlандыруды пайдалана отырып, сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауды жалғастыруды, ал азаматтар мен кәсіпкерлер "цифrlандырылған" мемлекеттік функциялардағы техникалық іркілістер, артық процестер және ақпараттық жүйелердің жұмысындағы басқа да кемшіліктер себебінен, өз мәселелерін шешудің зансыз жолдарын іздеуге мәжбүр болуда.

Сонымен қатар, дереккорлардың әлсіз интеграциясы мемлекеттің проактивті сервистік моделін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

### Мемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыртқы талдау шенберінде айқындастының сыбайлас жемқорлық алғышарттарын жоюға мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың мүдделілігі әлсіз екені байқалады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау институты әлі мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдар үшін "өзін-өзі тазартудың" пәрменді құралына айналмады.

Сонымен қатар, мемлекеттік басқарудың салалық жүйесі ішінде анықталған тәуекелдерге "өнір – орталық" қағидаты бойынша дең қоюдың тиімді тетігі жок.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің пассивтілігі сыбайлас жемқорлық деңгейінің нақты төмендеуіне сенуге мүмкіндік бермейді.

Корпоративтік сектормен салыстырғанда мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік ұйымдар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жеткілікті түрде бәсекеге қабілетті болмай отыр.

Мемлекеттік функцияларды орындау кезінде мүдделер қақтығысының алдын алудың тиімді тетігі жок.

Қолданыстағы декларациялау жүйесі шығыстар мен алынатын кірістердің айтартылғатай алшақ болу фактілеріне дең қоюдың тиімді құралдарымен тиісті түрде бекітілмеген.

Жымқырылған активтерді іздестіру, оларды бюджетке қайтару мүліктің қылмыстық шығу тегін дәлелдеудің құрделілігіне байланысты екінші орында қалуда.

Алдын алу шаралары, негізінен, мемлекеттік қызметшілер арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған. Бұл мұндай қызметшілер болып табылмайтын, бірақ азаматтардың сыбайлас жемқорлық деңгейін түйсінуіне үлкен әсер ететін адамдар тарарапынан сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу тиімділігін төмендетеді.

Осы түрғыда мемлекеттік емес сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және адаптацияның қалыптасылуы туралы ақпараттың жеткілікті түрде айқын болмауы мемлекеттік қаржыны басқаруда сыбайлас жемқорлық тәуекелін арттыратын жүйелі факторларға жатады.

Бюджет қаражатын бөлу процесінің жоғары сыбайлас жемқорлықтың осалдығы

Бюджет қаражатын қалыптастыру және жұмсау туралы ақпараттың жеткілікті түрде айқын болмауы мемлекеттік қаржыны басқаруда сыбайлас жемқорлық тәуекелін арттыратын жүйелі факторларға жатады.

Теріс практиканың негізгі себебі жоспарлау жүйесі мен бюджет қаражатын игеру арасындағы өзара байланыстың жеткіліксіздігі болып табылады. Көп жағдайда бюджеттік етінімдер жауапты адамдармен жиі үлестес болатын компаниялардың негіzsіз жоғары баға ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

Тиімсіз жоспарлау экономикалық ысырап және қолдан шығарылған пайда сияқты ауыр зардаптарға алып келеді, сондай-ақ бюджетті игеру кезінде жымқыруға қолайлы жағдай жасайды.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің жұмсалуы туралы деректер қамтылатын бірынғай ақпараттың жүйенің жоқтығы тиісті мәліметтердің жабық және бытыраңқы болуына ықпал етеді.

Жұртшылықты бюджеттің техникалық бөлшектерсіз және тиісінше, азаматтық бақылауды шектемей, тек негізгі мәліметтер көрсетілген "жеңілдетілген" нұсқасымен таныстыруға жағдай жасалмаған.

Бюджеттеу туралы шешімдер қабылдау рәсімдерінің транспарентті болмауы есеп беруді қамтамасыз ету мүмкіндіктерін азайтады және сыйбайлас жемқорлыққа ықпал етеді.

Пандемия және ковидтен кейінгі кезең бөлінетін қаражат пен әлеуметтік-экономикалық нәтижелер арасында байланыстың болмау проблемасын ашып берді.

Кәсіпкерлік субъектілеріне арналған мемлекеттік қолдауды (субсидиялар, гранттар, кепілдік, жеңілдікті кредиттеу) бөлу тетіктері оның тиімсіз және мақсатсыз пайдаланылуына мүмкіндік береді.

Бұл уәкілетті органдардың бюджеттік қолдау нәтижелілігін бағалаудың түпкілікті көрсеткіштерін айқындастырынына байланысты. Дұрыс емес, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық мінезд-құлышқа ықпал ететін триггерлер бар.

Кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялаудың орындылығы туралы шешім тиісті маманданудың ғылыми қоғамдастырының қатысуының қабылданады. Дискрециялық қаржыландырудың болуы ресурстарды бұруға және бюджеттік тәртіпті сақтау тетіктерін айналып өтуге мүмкіндік береді.

Мұндай жағдай бюджеттік қолдау алудың тен, бәсекелі және әділ жағдайларын жасау жөніндегі шаралардың тиімділігін төмендетеді.

Казимемлекеттік сектордың заңды тұлғаларының жарғылық капиталын ұлғайту арқылы бюджет қаражатын мемлекеттік бақылау аясынан шығару үрдісі байқалады. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен ведомстволық бағынысты үйім арасында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін және азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуды айналып өтіп, қаражатты саланың дамуына байланысты емес мақсаттарға аудару жүргізіледі. Соның салдарынан бұлдыңғы шарттық міндеттемелер, бюджетті ұтымсыз жұмсау, жымқыру орын алады.

Бір-бірін едәуір дәрежеде қайталайтын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының төрт буынды жүйесі бюджет процесінде сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуды толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

#### Сатып алудың жеткіліксіз айқындығы

2020 жылы бюджет шығыстарының жалпы сомасында мемлекеттік сатып алу үлесі 35%-ды құрады, бұл Қазақстанның ЖІӨ құрылымында 7%, мұның өзі нарыққа айтарлықтай елеулі экономикалық ықпал жасалатынын көрсетеді.

Бюджет қаражатының мұндай айналымы мемлекеттік сатып алу жүйесінің сыйбайлас жемқорлықтық тартымдылығын күшейтеді. Әрбір бесінші сыйбайлас жемқорлық қылмыс осы салада жасалған.

Қаражаттың алыну көзі біреу – мемлекет бюджеті екенине қарамастан, бірыңғай іске асыру тәсілінің және осы саланы ортақ дамыту стратегиясының жоктығы салдарынан сатып алудың құқықтық базасы, әртүрлі платформалары мен сайттары бытыраңқы болып табылады.

Мұндай жағдайларда сатып алу бағасын қолдан көтеру фактілері кең таралады.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде өнім берушінің қосалқы мердігерлермен шарттар жасасуының ашық болмауына байланысты, өнім берушінің әлеуетін бағалау әрдайым объективті бола бермейді.

Жалған актілерге қол қою кең тараған проблема болып қалып отыр. Уақтылы игермегені үшін тәртіптік жауапкершіліктің бұлтартпастығы заңды "мәжбүрлі" түрде бұзуға алып келеді. Нәтижесінде жұмыстың сапасы емес, бюджеттің формальді түрде атқарылуы басым болып шығады.

Бір көзден алу тәсілімен тікелей сатып алу үлесі әлі де болса жоғары (2018-2020 жылдары орташа алғанда 61%).

Сатып алуды қағаз форматта жүзеге асыруға болатыны тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді негіzsіз сатып алуды, олардың құнын қолдан көтеруді және өзгеше бұзушылықтарды тежейтін қофамдық мониторингті шектейді.

Халықаралық ұйымдардың (Азия даму банкі, Дүниежүзілік банк, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Ислам даму банкі, ЭЫДҰ) сарапшылары атап өткендей, Қазақстанда бірыңғай заңнамалық және нормативтік құқықтық базаның болмауы сатып алудың ортақ және экономикалық тиімді практикасына кедергі жасайды.

#### Мемлекеттің экономикаға қатысуының жоғары деңгейі

Мемлекеттің экономикаға қатысуының әлеулі үлесі экономикалық қызмет субъектілері арасындағы бәсекелестікті іркіп, мықты жекеше сектордың қалыптасуына кедергі келтіреді және елдің жаңа экономикалық өсу моделіне көшуін тежайді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың ресурстарға, нарықтарға және қаржыға артықшылықпен қол жеткізуі жекеше компанияларды тиімсіз жағдайға қалдырады және экономикалық әртараптандыруды, тікелей шетелдік инвестицияларды және өнімділіктің өсуін інгерілету жөніндегі күш-жігерге нұқсан келтіреді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа жағдай жасайды.

Олардың ішкі нарықтағы үстемдігі отандық кәсіпорындардың жалпы бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, бұл сыртқы нарыққа аударып қарағанда көрші мемлекеттерге қатысты экономикалық позициялардың жоғалуына алып келеді.

Мемлекеттік сатып алудың едәуір бөлігі мемлекет қатысатын компаниялар арасында баламасыз бөлінеді, бұл осы институтты шағын және орта бизнесі дамыту үшін пайдалану мүмкіндігін төмендетеді.

Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілері олардың қажеттілігі терең пысықталмай құрылды. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жасалған сыртқы талдау олардың бірқатары министрліктердің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін қайталайтынын анықтады. Қазақстан Республикасында азаматтық қофамды дамыту тұжырымдамасында атап өтілгендей, бүгінгі күні мемлекеттің квазимемлекеттік сектормен бірге экономикадағы үлес салмағы 60-80%-ға жетеді.

Сонымен қатар, активтерді жекешелендіру мен бәсекелес ортаға берудің қолданыстағы тетігі мүдделер қақтығысын жоймайды және объектілерді кепілдік жарнадан төмен бағага сатып алуға жол береді.

Тиісті ұсыныстарды дайындау форматы, оған қоса шарттарды, әдістерді, акциялар пакеттерінің мөлшерін, объектілерді өткізу және сату алдында дайындау мерзімдерін анықтау осы процестің ашықтығын көзdemейді.

Азаматтық қоғам институттарының мемлекетпен сындарлы өзара іс-қимылды тетіктерінің жетілмелегендігі

Сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен елдердің тәжірибесі оны барынша азайтудың басты шарты азаматтық қоғамның кеңінен тартылуы болып табылатынын айғақтайды.

Дегенмен Қазақстанда қоғамдық бақылау институты құқықтық түрғыдан жеткілікті түрде регламенттелмеген.

Деректердің жабықтығы азаматтардың шешім қабылдауға тікелей қатысу мүмкіндігін шектейді, ал қолжетімді ақпараттың мәні түсінуге қын және формальды сипатта болады.

Мұндай тәсіл пікірлердің плюрализмін тежейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуеті толық көлемде пайдаланылмайды.

Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаудың бюроқратияландырылған тәсілдері азаматтардың сыбайлас жемқорларды анықтау мен әшкерелеудегі белсенделілігін төмендетеді.

Қолданыстағы заңнамада сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын адамдарды қорғаудың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін шаралар жүйесі көзделмеген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тиімділігі мониторингінің жетілмелеген жүйесі

Барлық субъектілер, салалар мен аумактар бөлінісінде сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалаудың бірынғай ұлттық жария жүйесі жок.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мониторингі әлеуметтанушылық өлшемдердің тұрақты және ашық әдіснамасына негізделмейді.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлігінде өлшенетін нысаналы көрсеткіштердің түпкілікті, негізделген, түсінікті және тұрақты тізбесі жок.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ағымдағы ахуалды талдау жалпы алғанда, қабылданып жатқан шараларға қарамастан, қоғамның әділдікті, баршаның заң алдындағы теңдігін және жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге деген сұранысының сақталып отырғанын көрсетеді.

### **3-бөлім. Халықаралық тәжірибелі шолу**

Шетелдік озық практикалардың халықаралық тәжірибесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жасау үшін көптеген факторлар мен элементтерді кешенді түрде ұштастыруды көздейтін жүйелі тәсіл қажет екенін көрсетеді. Бұл ретте институционалдық тетіктер мен құқықтық құралдарды дамыту, қоғамдық хабардарлықты және азаматтық қоғамның тартылуын арттыру мәселелеріне ерекше көніл бөлу қажет.

Кең қоғамдық қолдау болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі күш-жігер сәтсіздікке ұшырайды. Бұл түрғыда тиісті мәдениетті қалыптастыру елеулі рөл атқарады.

Сондықтан Доха декларациясында қылмыскерлік пен сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуда, занды құрметтеу мәдениетін құруда білім берудің рөлі баса айтылған.

Негұрлым дамыған елдердің практикасы ақпаратқа кеңінен қол жеткізудің, шешімдер қабылдау процестерінің айқындығы мен қоғамдық қатысу тетіктерін құрудың сыйбайлас жемқорлықты барынша азайтуға елеулі дәрежеде ықпал ететінін көрсетеді.

Мысалы, мемлекеттік шығыстар туралы ақпараттың қолжетімді болуы мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Бразилия, АҚШ, Украина, Оңтүстік Корея порталдарында бюджеттер туралы барынша кең ақпарат қамтылған.

Тағы бір мысал – Грузияның электрондық сатып алу жүйесі, онда стандартты функционалмен қатар конкурстық бетте онлайн сұрақтар қою және жария түрде жауаптар ұсыну, тендерлік процестің кез келген кезеңінде талап қоюды беру, сондай-ақ Сатып алу және конкурстар жөніндегі мемлекеттік агенттіктерін шенберінде цифрлық форматта тендер бойынша тәуекелдерді анықтау мүмкіндігі көзделген.

Ашық ақпараттың болуы журналистік тергеп-тексерулерді жүргізуге де жағдай жасайды. Мұндай практика Ұлыбританияда, Францияда, Швецияда және европаның басқа да елдерінде кең таралған.

Дүниежүзілік банкті тарту құралы қызығушылық тудырады. Электрондық "Интегрити Эпп" (Integrity App) қосымшасы азаматтардың алаяқтық пен сыйбайлас жемқорлыққа байланысты проблемалар туралы хабарлауына мүмкіндік береді. Оның пайдаланушылары, мысалы, құрылышы аяқталмаған мектептің фотосуреттерін, пара сұраудың аудио жазбасын не келген басқа файлды немесе құжатты жібере алады.

Цифрландыру әкімшілік кедергілерді азайтудың, дискрецияны қысқартудың және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады.

Эстонияның мемлекеттік дерекқорында экономикалық статистика мен сот архивтерінен бастап азаматтардың медициналық карталары мен шағымдарына дейін барлығы бар. Осы орайда, кез келген әрекет жүйенің тарихында өз ізін қалдырады, бұл қысқа мерзімде бұзушыны табуға мүмкіндік беріп, деректердің қорғалуын қамтамасыз етеді және сыйбайлас жемқорлықты барынша азайтады. Оның үстінен шенеуніктер мен азаматтардың өзара іс-кимылы мүлдем жоқ немесе барынша төмен деңгейде.

Оңтүстік Кореяда ЮНИ-ПАСС (UNI-PASS) кедендейтік ресімдеудің электрондық жүйесі енгізілген, ол кеден қызметкерлері мен көрсетілетін қызметті алушылардың арасында жеке байланыстарды қысқарту есебінен сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетті.

Австралияда, Мажарстанда, Молдовада, Румынияда және АҚШ-та сыйбайлас жемқорлық фактілерін болғызбау және анықтау үшін парасаттылыққа тексеру табысты түрде пайдаланылуда. Ол тестіленетін адам білмейтін сыйбайлас жемқорлық мінезд-құлықты анықтау мақсатында модельденген жағдайды білдіреді.

Жеке мүдделерді декларациялау, ден қою және жауапкершілік шараларын қамтитын мүдделер қактығысын реттеу маңызды алдын алу тетігі болып табылады.

Сонымен қатар, "айналмалы есік" практикасына қарсы іс-қимыл сыйайлас жемқорлыққа қарсы реттеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл термин жұмыскерлердің мемлекеттік сектордан жекеше секторға ауысуы деп түсініледі.

Мәселен, Норвегияда мемлекеттік қызметшілердің – жекеше кәсіпкерлік құрылымдарға және бизнесмендердің билік құрылымдарына ауысуы үшін жарты жылға дейінгі мерзімге "карантин" қағидалары қолданылады. Осылайша Германияда, Испанияда, Латвияда, АҚШ-та, Франция мен басқа елдерде қолданылады.

Шектеу шараларын көнектімден қатар мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктері де белгіленеді. Әлемде әртүрлі тәсілдер: арнаулы зейнетақы жүйелері, тегін медициналық сақтаңдыру, көлік шығыстары, балаларға арналған жәрдемақы, тұрғын үй төлемдері және басқалар қолданылады.

Мысалы, Франция мен Жапонияда тұрғын үй және көлік өтемақылары көзделген. Ұлыбританияда мемлекеттік қызметшілердің зейнетақы аударымдары жекеше сектордағы қарағанда 15%-ға жоғары.

Сонымен бір мезгілде шет елдерде мемлекеттік қызметшілердің қосымша табыс көздеріне қойылатын шектеулер аз.

Мәселен, Грекияда мемлекеттік қызметшілер өзге ақылы жұмысты рұқсатпен және ол қызметтік міндеттерін сапалы орындауға кедергі келтірмеген жағдайда орындаі алады.

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы органдардың тиімділігі қажетті деректерге қол жеткізуге тікелей байланысты. Мысалы, Гонконгта, Сербияда, Сингапурда сыйайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволарға өз функцияларын орындау мақсатында электрондық дерекқорларға кеңінен қолжетімділік және банктер мен өзге де қаржы мекемелерінен лауазымды адамдардың келісімінсіз, олардың шоттары мен қаржы қаражаты туралы ақпарат сұрату құқығы берілген.

Ақшаны жылыштатуға қарсы қарастырылған шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) құзыретті органдардың тұлғалардың бенефициарлық меншігі туралы жеткілікті, дәл және уақтылы ақпаратты алу немесе оған дер кезінде қол жеткізу мүмкіндігімен қамтамасыз етудің маңызды екенін атап өтеді.

Осылайша еске отырып, 2016 жылдан бастап Ұлыбританияда компанияға "елеулі бақылауы бар" тұлғалардың тізілімі (Register of people with Significant Control) енгізілді. Оған компания капиталының 25%-дан астамын иеленетін немесе оған бақылау жасау не оны басқаруға ықпал ету мүмкіндігі бар адамдар енгізілген.

Бизнестің парасатты мінез-құлқын көтермелегендегі сыйайлас жемқорлыққа қарсы өзекті тренд болып табылады. Шығыс Еуропа елдерінде өнімдерді, көрсетілеттің қызметтер мен маркетингтік материалдарды ашық бизнес-таңбаудың "Мөлдір толқын" ("Clear Wave") бастамасы іске асырылды. Бұл белгі іскерлік әдептің, айқындықтың, жауапкершілік пен орнықтылықтың символы болып табылады.

Бизнестің мінез-құлқын стандарттары белгіленетін парасаттылық туралы пактілер жасасу практикасы да қолданылады. Көп жағдайда олар ірі жобаларға арналған нақты ашық мемлекеттік конкурсқа немесе тендерге байланысты болады.

Халықаралық деңгейде өндіруші салалардың айқындығы (EITI) және құрылыш секторының айқындығы (CoST) бастамалары парасаттылық туралы белгілі пактілер болып табылады.

Жалпы алғанда, озық практикаларды талдау сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың мынадай үрдістері мен перспективаларын айқындауға мүмкіндік береді:

- 1) қоғамда парасаттылық мәдениетін нығайтуға бағытталған ағарту іс-шараларын жүйелеу;
- 2) бизнестің парасаттылығын ынталандыру;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға азаматтық қоғамды тарту;
- 4) мемлекеттік аппараттың қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділікті кеңейту және шешімдер қабылдаудың айқындығын қамтамасыз ету;
- 5) цифрандыру сыйбайлас жемқорлықты барынша азайту құралы ретінде;
- 6) мемлекеттік қызметшілер үшін әлеуметтік кепілдіктерді кеңейту;
- 7) мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу;
- 8) азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық аспектілерде құқықтық мәжбүрлеу шараларының тиімділігін арттыру.

#### **4-бөлім. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту пайымы**

Қазақстан сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бір сарынды іс-қимылдан қоғамдық сананы түбекейлі өзгертуге, халықтың сыйбайлас жемқорлық пен непотизмнің кез келген нысандарын қабылдамауына, алдын алу шараларының басымдығына көшуді көздейді.

Қол жеткізілген нәтижелерді, халықаралық стандарттарды және алдағы кезеңге арналған стратегиялық мақсаттарды ескеретін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы біртұтас саясатты дамыту жалғастырылатын болады.

Тиісті шаралар мен нысаналы көрсеткіштер елдің стратегиялық құжаттарында – "Қазақстан-2050": қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтарында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында және басқаларда көзделген.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы стратегиялық мақсат 2026 жылдың қорытындысы бойынша Transparency International Сыйбайлас жемқорлықты түйсіну индексінде 47 баллға, 2030 жылға қарай 55 баллға қол жеткізу болып табылады.

Аталған көрсеткіш сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың ғана емес, саяси, әлеуметтік, экономикалық реформалардың да бағасын қамтитынын ескере отырып, оған қол жеткізу жөніндегі жұмысқа сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық субъектілері тартылатын болады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әзірленген шаралар сыйбайлас жемқорлықтың, әсіресе, "тұрмыстық" сыйбайлас жемқорлықтың алғышарттарын кешенді түрде жоюға, жауапкершіліктің

бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, азаматтық қоғамды сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға кеңінен тартуға бағытталатын болады.

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, тәрбиелеу және білім беру шараларын жүйелеу, мемлекеттік аппарат пен бизнес-қоғамдастық өкілдерін парасатты мінез-құлыққа ынталандыру арқылы сыйайлас жемқорлықты мұлдем қабылдамауға қол жеткізілетін болады.

Мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, оның ішінде олардың нақты үлесін бағалаудың жария жүйесін енгізу арқылы барынша мұдделі және белсенді болады.

Жалпы алғанда, сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыйайлас жемқорлықты экономикалық және бедел жағынан тиімсіз ететін жағдайлар жасауға бағытталған.

## **5-бөлім. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері**

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясат:

- 1) баршаның заң алдындағы тенденциясынан және әділдік;
- 2) жариялыштық, айқындық және қоғамға есеп беру;
- 3) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану;
- 4) сыйайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы;
- 5) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- 6) тиімділік пен нәтижелілік;
- 7) сыйайлас жемқорлықтың барлық көріністерінде оны қабылдамау;
- 8) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау;
- 9) сыйайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
- 10) сапалы цифрлық трансформация қағидаттарына негізделеді.

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту тәсілдері мынадай міндеттерді орындау арқылы іске асырылатын болады:

- 1) сыйайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
- 2) сыйайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін жою;
- 3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;
- 4) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдегі органның қызметін одан әрі жетілдіру.

1-міндет. Сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру

Құндылықтарды өзгерту және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру

Адалдық, заңдылық пен прагматизм әркімнің ішкі құндылық нанымына айналуға тиіс.

Қоғам сыйбайлас жемқорлықты проблемаларды оңай шешудің кепілі ретінде қабылдамауға, достық қарым-қатынас пен протекционизмді жұмыспен ұштастырмауға тиіс. Жемқорлар қоғамдық айыптауға ұшырауға тиіс.

Адамның сыйбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауды немесе жасамауды таңдауы жазаның ауырлығымен және қылмыс жасаудан күтілетін пайдамен салыстырылмауға тиіс.

Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған коммуникациялық шаралар кешенін қабылдау қоғамдық сананың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы эволюциясында негізгі рөл атқарады.

Құқықтық актілерді түсінікті тілде, қысқаша түрде түсіндіре отырып, сондай-ақ цифрлық шешімдерді, оның ішінде белгілі бір өмірлік жағдайлар мен заңдық фактілер бойынша автоматтандырылған хабарларды қолдана отырып, азаматтарға олардың құқықтары туралы нақты хабарлауды дамыту қажет.

Ауқымды түсіндіру жұмысы азаматтарды мәселелерді шешудің заңсыз тәсілдерін іздеу қажеттілігінен қорғауға мүмкіндік береді.

Парасаттылық жүйесін қалыптастыру кезінде сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейтін жаңа көзқарастары мен өмірлік қағидаттары бар жас ұрпақты тәрбиелеу аса маңызды рөл атқарады.

Тұлғаның қалыптасуының барлық кезеңінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды дарыту табыстың іргелі факторы болып табылады.

Осы орайда, отбасы институты арқылы, оның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуетін пайдалана отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты дамыту қажет.

Білім берудің рөлін арттыру жөніндегі халықаралық практикалар мен бастамаларды имплементтеу, сондай-ақ жастардың сыйбайлас жемқорлықтың алдын алудағы құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту олардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетін нығайтуға ықпал ететін болады.

Парасаттылық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыптары білім беру жүйесіне қосылатын болады. Баланы мектепке дейінгіден бастап, әртүрлі жас кезеңдерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы біліммен сүйемелдеп отыру қажет.

Бұл жұмыста әлемнің дамыған елдерінде кең таралған академиялық адалдық пәрменді құралға айналуға тиіс.

Сол арқылы сыйбайлас жемқорлыққа әлеуметтік иммунитеті мықты азаматтардың жаңа ұрпағы қалыптасатын болады.

#### Мемлекеттік аппараттың парасаттылығын арттыру

ӘҮДҰ стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары айқындық, әдептілік және сатылмаушылық болып табылады.

Азаматтардың билік органдарына деген сенімін арттыру үшін мемлекеттік қызметтің онимиджін, оның ішінде адал, лайықты мемлекеттік қызметшілердің өнегелерін кеңінен жазып-көрсету арқылы нығайту мәселелері баса назар аударуды талап етеді.

Мемлекеттік қызметшілерді сыйбайлас жемқорлыққа қарсы міндettі оқытуды оның үздіксіздігін, дәйектілігі мен өзектілігін қамтамасыз ете отырып, дамыту қажет.

Мемлекеттік аппараттың "тазалығын" қамтамасыз ету үшін лауазымдық міндettтері сыйбайлас жемқорлықтың жоғары тәуекелдерімен ұштасатын қызметшілермен жұмыс жөніндегі шаралар әзірленетін болады.

Сатылмаушылықтың тағы бір маңызды элементі – мұдделер қақтығысын реттеу. Бұл үшін мұдделер қақтығысын анықтау мен реттеуді жауапкершіліктің пәрменді шараларын, сондай-ақ жұмысқа орналасу алдында және мемлекеттік қызметтен босатылғаннан кейін "аптығын басу" қағидатын қолдана отырып, егжей-тегжейлі түрде регламенттеу қажет.

Бұл ретте қызметшілердің өздерін ынталандыру қажет. Бұл тұрғыда әркімнің үлесін дербестендіру қағидаты бойынша еңбекке бәсекелі ақы төлеу мен әлеуметтік пакетті қамтамасыз етудің маңызы зор.

Мемлекеттік аппаратта сыйбайлас жемқорлық материалдық жағынан тиімсіз болатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мықты мәдениет қалыптасуға тиіс.

#### Бизнестің парасаттылығына жәрдемдесу

Кәсіпкерлік саласында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдау аясында адал бизнесті ынталандыру өзекті болып табылады.

Осы бағыттағы пәрменді шара сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты ерікті түрде имплементтеу болып табылады.

Оның құрамдас бөлігі ретінде компаниялар мен олардың персоналдарының қызметінде сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу жөніндегі нақты шараларды қамтитын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру практикасын көздеу маңызды.

Тағы бір ұсыным контрагенттермен жасалатын шартқа тараптардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол беруге болмайтынын және олардың уақтылы алдын алуға әзір болуды өзара түсінуіне бағытталған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізу мүмкіндігі болып табылады.

Аталған шаралар тиімді болуы үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құзыретін кеңейту және жоғары оқу орындарында тиісті білім беру бағдарламаларын енгізе отырып, комплаенс-мамандар нарығын дамыту қажет.

Жұмыскерлерді сыйайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлыш негіздеріне оқытудың үздіксіз процесін белгілеу керек.

Бизнес-ортадағы ашықтық пен жауапкершілікті арттыру, корпоративтік сыйайлас жемқорлықты азайту мақсатында бизнес субъектілері бойынша кәсіпкерлік субъектілері туралы жан-жақты мәліметтерді, оның ішінде олардың парасаттылығы мен сенімділігі тұрғысынан шоғырландыруға мүмкіндік беретін ашық интеграцияланған дерекқорды – бизнес-тізілімді кеңінен енгізу қажет.

Кәсіпкерлердің осындай дерекқорды пайдалана отырып, әлеуетті контрагенттерді бағалауы, тиісті сақтық қағидатын сақтау адал кәсіпкерлерді сыйайлас жемқорлық тәуекелдерінен қорғайтын болады.

Сыйайлас жемқорлықтың жоғары тәуекелдеріне шалдықкан қаржылық процестер үшін сыйайлас жемқорлық индикаторларының жүйесі және оларды анықтау алгоритмдері қажет.

Ұсынылған сыйайлас жемқорлыққа қарсы құралдарды қолдану нәтижелері ұсынымдық сипатта болуға және бизнесті жүргізуін белгіленген стандарттары мен қағидаттарына қайшы келмеуге тиіс.

Кәсіпкерлік субъектілерінің сыйайлас жемқорлыққа қарсы ұсынымдарға сәйкестігі экономикалық және беделдік ынталандырулар арқылы оларды көтермелеген шараларын қолдануға негіз болады.

## 2-міндет. Сыйайлас жемқорлық мүмкіндіктерін болдырмау

Бюджет қаражатын тиімсіз жұмсау тәуекелдерін және сатып алуша сыйайлас жемқорлықты азайту

Ұтымсыз капитал салымдарын, әсіресе, мемлекеттік секторда жою мақсатында, бюджеттен қаржы қыюоды көздейтін жобалардың экономикалық негізділігін бағалау тетігі қайта қаралатын болады.

"Бір қол қою" қағидасын қоса алғанда, блоктық бюджетті енгізу жаңа бюджеттік қағидаларды, бюджеттік лимиттерді бөлудің объективті әдіstemесін қабылдаумен сүйемелденетін болады.

Бұл шешімдердің жеделдігін, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін және қаржыны басқарудың нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бюджет процесінде қаржылық мерзімдерден жобалық мерзімдерге көшу де қажет, бұл күнтізбелік жылдың сонында орындалған жұмыстардың актілеріне асығыс қол қоюды және осыған байланысты заң бұзуды болдырмайды.

Жалпы алғанда, мемлекеттік құжаттар мен жобаларды іске асыру кезінде жобалық менеджментті енгізу мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде сыйайлас жемқорлықтың алдын алушың тиімді құралына айналады.

Жобаларды қаржыландыру нысаналы көрсеткіштер мен мемлекеттік инвестициялаудың өлшенетін нәтижелері болған кезде ғана жузеге асырылатын болады, бұл индикаторлардың тұтас елдің немесе нақты өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін болжай отырып, оларды есептеу әдіstemесін қалыптастыруды талап етеді.

Бағалау халықтың өмір сүру сапасын арттыру және сыйбайлас жемқорлық факторларының болуы призмасы арқылы жүргізіледі. Бұл ретте әлеуметтік маңызы бар салаларды жан басына шаққанда қаржыландыруды көздейтін және шығындарды жабуға бюджет қаражатының бөлінуін болдырмайтын "ақша адамның соңынан ереді" қағидаты негізгі қағидат болуы тиіс.

Сонымен қатар шынайы мақсаттар мен индикаторларды алға қою үшін, сондай-ақ тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуі мониторингтеу үшін анық статистикалық ақпараттың болуы қажет. Осыған байланысты көрсеткіштерді есептеудің қолданыстағы әдістемелері қайта қаралатын болады.

Мұндай шаралар мемлекеттік сектордың болжау қызметінің, "сценарийлік" жоспарлауды үйымдастырудың және бюджет қаражатын нысаналы пайдаланудың деңгейін арттырады.

Бюджет саясатының ашықтығына қол жеткізу үшін мемлекеттік сатып алу, бюджетті жоспарлау және мемлекеттік қаржыны басқару процестерін бірыңғай платформаға біріктіру талап етіледі.

Бюджет қаражатының қанша бөлігі түпкілікті алушыларға жететіні туралы мәліметтердің ашықтығы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтартықтай азайтады.

Бюджет қаражатын "ақшаны бояу" қағидаты бойынша (бөлінген сәттен бастап игерілгенге дейін) сүйемелдеуді енгізу олардың мақсатсыз пайдаланылуын болдырмайды.

Бір көзден сатып алу үлесін қысқартуға құқықтық негіздерді олардың орындылығы түрғысынан, әсіресе зияткерлік меншік объектілері, ерекше тәртіппен және мемлекеттік тапсырмалар шенберінде өткізілетін сатып алу бойынша қайта қарау ықпал ететін болады.

Тауарлардың нарықтық құны бағдар болатын орташа сату бағасын анықтау сатып алу жүйесін тиімді үйымдастыруға негіз болады.

Таза бәсекелестіктің өсуі кезінде биржалық сауданың шектерін біртекті және оңай ауыстырылатын тауарларға кеңейту үйымдастырылған тауар нарығын дамытуға әсер етеді.

Мемлекеттік сатып алу мен квазимемлекеттік сектордың сатып алуы үшін бірыңғай талаптарды белгілеу осы саланы реттеуде біріздендірілген тәсілді қамтамасыз ете алады.

Бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқару мен пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында функциялардың қайталануын жойып және олардың тәуелсіздігін күшайте отырып, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесі оңтайландырылады.

### Бюджеттік қолдаудың экономикалық тиімділігін арттыру

Мемлекеттік қолдау саласындағы жоғары сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін (әкімшілердің көптігі, құқықтық актілердің бытыраңқылығы, қомақты бюджет қаражатының жұмсалуының жабықтығы мен бақылаусыз болуы) ескере отырып, осы бағыттағы мемлекеттік саясатты өзгерту талап етіледі.

Мемлекеттік қаржылық қолдауға тек сенімді кәсіпкерлік субъектілері ғана жататын болады.

Аталған салаға ревизия жасау осы орайда бағдарламалық және стратегиялық құжаттардың басымдықтарына үйлеспейтін, мақсаттары қайталанатын, сондай-ақ экономикалық және/немесе

әлеуметтік әсерді қамтамасыз етпейтін бағыттарды жоя отырып, мемлекеттік қолдау түрлерін оңтайландыруға да мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдау элементтерін бөлуді автоматтандыру нәтижесі мемлекет бақылайтын әмбебап порталға тиісті электрондық инфрақұрылымды біріктіріп бірыңғай IT-платформаны қалыптастыру болады.

Бюджеттік ассигнация бенефициарларының жария тізілімін енгізу жеке мемлекеттік қолдау алушыны қадағалауға мүмкіндік береді және мұдделер қақтығысын барынша азайта отырып, оның нысаналы пайдаланылуын едәуір арттырады.

Мемлекеттік қолдаудың барлық түрлеріне қатысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару әдіснамасын әзірлеу талап етіледі.

Әлеуетті адресаттар бюджеттік қолдау түрлері және оны алу мерзімдері туралы анық және уақытылы ақпарат алады. Растантын мәліметтер сөзсіз объективті болған кезде оны бөлудің "проактивті" форматы енгізілетін болады.

Деректерді жинау, өндеу және сақтау, сондай-ақ алушылардың қойылатын өлшемшарттарға сәйкестігін бағалау кезінде іске қосылған ақпараттық ресурстарды интеграциялау кезінде адамның қатысуы және тікелей байланыстар барынша азайтылатын болады.

#### Мемлекеттің экономикаға қатысуын төмендету

Мемлекеттік компаниялардың сатып алудағы үлесін қысқарту мемлекеттік саясаттың негіз қалаушы қағидаттарының біріне айналады.

Мемлекеттік кәсіпорындар (ұлттық холдингтер) үшін монополиялық женілдіктер мен ерекшеліктер тізбесін оңтайландыру сатып алу рәсімдері тиімділігінің және бағалардың бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне алып келеді.

Мемлекеттік сектор қызметіне кешенді функционалдық талдау жасауды жалғастыру бәсекелес ортаға беруге жататын функцияларды анықтауға мүмкіндік береді.

#### Жария құқықтың заңды тұлғалар институтын енгізу тиімді тетіктердің бірі бола алады.

Бұл ретте сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою үшін жекешелендіру туралы шешімдер қабылдау кезінде тиісті талаптар мен бақылауды қүшейткен маңызды. Жекеше секторға өкілдіктерді беру нәтижеге бағдарланған есептілік жүйелерін енгізумен сүйемелденуге тиіс.

Рәсімдердің айқындығын және кепілдік жарнадан төмен емес әділ нарықтық құнды қамтамасыз ете отырып, объектілерді мемлекеттік емес секторға беру тізбесі мен тетіктерін қайта қарau талап етіледі.

Мемлекеттік мұлікті тиімді басқару бойынша заңнамалық тұрғыда бекітілген тетіктер Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде іске асырылатын болады.

Сонымен қатар бәсекелестік жеткіліксіз салаларды қоспағанда, мемлекеттің жүз пайыз қатысу үлесі бар ұйымдардың мемлекеттік қолдау (субсидия, гранттар) алуына тыйым салуды пысықтау қажет.

Сыбайлас жемқорлықты төмендету факторы ретінде

Цифрландыру мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, азаматтың шенеунікпен тікелей байланысын және тиісінше, "тұрмыстық" сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын болдырмай, барлық ресімдердің бюрократиядан арылтуға және ашықтығына кепілдік береді.

Мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін цифрлық форматқа көшіру арқылы озық технологиялық шешімдерді одан әрі қолдану барлық салаларда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталатын болады.

Деректердің бірынғай ауқымына негізделген цифрлық Үкіметтің жаңа архитектурасын құру азаматтардың өмірін айтартықтай женілдетеді. Талап етілетін құжаттар автоматты түрде берілетіндіктен мемлекеттік органдарға, халыққа қызмет көрсету орталықтарына жүргін қажеттігі жойылады.

Мемлекеттік көрсетілетін жасырын қызметтерді алып тастау, сондай-ақ мемлекеттік емес платформалар арқылы электрондық форматты бір мезгілде кеңейте отырып, мемлекеттік қызметтер көрсетудің баламалы тәсілдерін қысқарту дәйекті қадам болады.

Мемлекеттік қызметтерді проактивті көрсетудің және мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін реинжинирингтеудің жүйелі шаралары Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы шенберінде іске асырылатын болады.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын цифрлық трансформация талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптау, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді әзірлеу мен пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге ықпал ететін болады.

Қолма-қол ақшасыз төлемдер үлесін жедел төлемдер инфрақұрылымын кеңейту арқылы, оның ішінде азаматтың цифрлық "әлеуметтік әмиянын" пайдалана отырып ұлғайту маңызды шара болып табылады, бұл ақша ағындарын оңайлатады және олардың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын анықтау және жою қуралдарын жетілдіру

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуінде жариялышы мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлық алғышарттарын өз бетінше жою белсенділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау және ұсынымдарды іске асыру мониторингі процесіне қоғамдық кеңестерді тарту арқылы сапа мен объективтілік қамтамасыз етілетін болады.

Жобалық тәсіл шенберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау институтын дамыту оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, дербес жауапкершілікті, проблемаларды кешенді түрде шешуді және формализмнің алдын алуды қамтамасыз етеді.

Бұған ықтимал сыбайлас жемқорлыққа осал тұстар туралы белгі беретін индикаторлары бар салалық картограммаларды әзірлеу ықпал ететін болады. Тәуекелдердің мұндай бейіндері

сыбайлас жемқорлықтың жалпы көрінісін нәтижесіз талқылаудан арыла отырып, азаматтар үшін аса сезімтал салаларда нақты алдын алу шараларына негіз болады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жасалған сыртқы және ішкі талдаулардың ұсынымдары құқықтық мониторинг жүргізу көздерінің тізбесіне енгізілетін болады, оның нәтижелері қоғамдық кеңес отырыстарында қарau нысанасына айналады.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама институтын, оның ішінде сарапшылық әлеуетті жетілдіру арқылы одан әрі дамыту қажет.

Ғылыми тәсіл және жасанды интеллект элементтерін енгізу ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ете отырып, осы жұмыстың сапасы мен қамту аясын арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда алдын алудың анағұрлым әсеріне қол жеткізу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ғылыми құрамдас бөлігін дамыту бойынша қосымша шаралар қабылданатын болады.

З-міндет. Жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру

Жауапкершіліктің бұлтартпастығы қағидаты жазалау практикасында ғана емес, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, келтірілген залалды өтеуде және әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруде де болуға тиіс.

Бұл жерде құқық үстемдігін қамтамасыз ету және сот төрелігінің мінсіз жүйесі шешуші болуға тиіс, мұнда атқаратын лауазымдары мен байланыстарына қарамастан, барлық құқық бұзушылар сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартылатын болады.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру шенберінде сот билігі мен судьялардың тәуелсіздігі күшейтіледі, олардың қызметінің ашықтығы мен олар қабылдайтын шешімдердің әділдігі қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің үш буынды моделін енгізу де елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде пәрменді шара болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте заңсыз жұмыс әдістері мен арандатушылық әрекеттерге жол берілмейді. Кінәсіздік презумпциясы конституциялық қағидатын қатаң басшылыққа алу қажет.

Үйкимал сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінен қоғамға келтірілетін залалды болғызбай, жосықсыз қызметшілерді уақтылы анықтауға және жұмыстан босатуға мүмкіндік беретін парасаттылыққа тексеруді (integrity check) енгізуін тетіктерін әзірлеу қажет.

Бұл ретте тексерушілер тарапынан теріс пайдаланудан қорғау кепілдіктері көзделетін болады.

Игіліктерді заңсыз алу сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін басты себеп болып табылады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықты "тиімсіз" ететін, яғни заңсыз жиналған қаражатты пайдалану мүмкіндігін жоятын тетіктерді енгізу талап етіледі.

Шығыстар кірістерден айтарлықтай асып кеткен кезде негізсіз баю үшін жауапкершілікті енгізу осындай құралдардың бірі болады.

Аталған институттың пәрменділігін қамтамасыз ету үшін кірістер мен шығыстарды жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде декларацияларды, оның ішінде электрондық жүйелер арқылы тәуекелге бағдарланған тиімді тексеру қолданылатын болады.

Жария лауазымдардың тізілімін енгізу қаржылық мониторинг шеңберінде осы тізімге кіретін адамдардың ғана емес, олардың жақын туыстарының да ірі сатып алуды мен операцияларын қадағалауға мүмкіндік береді.

БҮҮ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының негіз қалаушы қағидатын іске асыру – қылмыстық құқық бұзушылықтарды, есіреле қылмыстық кіріс алу және оны заңдастыру тәуекелдерімен ұштасқан қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде қылмыстық активтерді іздестіру мен қайтаруды қамтамасыз ету келесі қадам болады.

Осы мақсатта "ақшаны қадағалау" ("follow the money") қағидаты бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тиісті мамандануын және олардың уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен белсенді ынтымақтасуын қамтамасыз ете отырып, міндетті қаржылық тергеп-тексеруді көздеу қажет.

Сыбайлас жемқорлықта жосықсыз шенеуніктермен қатар бизнес-орта да мұдделі тарап болып табылады. Сараптамалық бағалауларға сәйкес, заңды тұлғалардың парадан алатын пайдасы параның өзінен он есе көп.

Сондықтан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін қүшейтуы сыбайлас жемқорлықты төмендету үшін міндетті шарттардың бірі болып табылады.

Улken айыппұл санкцияларын және басқа да шектеу шараларын қолдану компаниялар үшін лауазымды адамдарды парага сатып алуды экономикалық тұрғыдан тиімсіз етеді.

Сонымен бір мезгілде кәсіпкерлік субъектілерін лауазымды адамдардың құқыққа сыйымсыз әрекеттерінен, оның ішінде рейдерлікten қорғау жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

"Тұрмыстық" сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі жүйелі шаралар тұрғысынан мемлекеттік органдар мен ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдар жұмыскерлерінің заңсыз материалдық сыйақыны қорқытып алу фактілерінің жолын кесу тәсілдері қайта қаралатын болады.

Неғұрлым тиімді алдын алу тетігі мақсатында пара ұсынуды/параны уәде етуді криминалдандыру қажет, бұл халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда елеулі прогрессе қол жеткізу және жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету үшін, Қазақстанның жаңа халықаралық құқықтық құралдарға – Еуропа Кеңесінің Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылық туралы конвенциясына және ЭЫДҰ-ның Халықаралық коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде шетелдік лауазымды адамдарды парага сатып алуден күрес жөніндегі конвенциясына қосылу керек.

4-міндет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту

Қоғамдық бақылау институтын дамыту

Азаматтық қоғамның пікірі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудың "лакмус қағазы" болуға тиіс.

Қоғамдық бақылауды іске асыру тетіктері қоғамдық кеңестердің қызметімен шектелмейді.

Осы бағытта "Қоғамдық бақылау туралы" Заңның қабылдануы маңызды болып табылады, ол мемлекеттік бақылауға балама ретінде осы институтты айқындалап береді.

Азаматтық қоғам өкілдерінің бюджет процесіне, мемлекеттік сатып алу мониторингіне, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалауға, қандай да бір саладағы, өнірдегі негұрлым проблемалы, өткір мәселелерді айқындауға қатысуы арқылы олардың мемлекетпен өзара іс-қимыл процестерін жетілдіру қажет.

Мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры есебінен іске асырылатын жобаларға тиімді қоғамдық мониторинг енгізіледі.

Мемлекеттік органдардың шешімдері туралы ақпараттың жариялышығы азаматтық қоғаммен сындарлы диалогқа жәрдемдесетін болады және халықтың шенеуніктермен артық байланыс жасау қажеттілігін жоюға мүмкіндік береді.

Бұл ретте мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақпарат беруіндегі бытыраңқылық пен көп есептілікті жойған жән.

Пәрменді кері байланыс тұрғысынан азаматтар үшін өзекті әрі түсінікті деректерді орналастыра отырып, мемлекеттік органдардың жария ақпараттық ресурстарын оңайлатуды қамтамасыз ету қажет.

Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қоғамдық кеңестерінің сыйбайлас жемқорлықтың алдын алушағы рөлін күшету бөлігінде олардың функцияларын объективті түрде қайта қарау талап етіледі.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға журналистер мен өзге бұкаратық ақпарат құралдарының өкілдерін кеңінен тарту қазақстандықтардың белсенді азаматтық ұстанымын нығайтуға ықпал ететін болады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде журналистердің өкілдіктері мен құқықтарының әлеуетін барынша толық пайдалануға ықпал ету қажет.

Сыйбайлас жемқорлық туралы хабарлау тетіктерін жақсарту

Азаматтардың сыйбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға қатысуын ынталандыру үшін олар туралы хабарлаудың қолданыстағы тетіктері дамытылатын болады.

Қоғамдық санада дұрыс көзқарас қалыптастырған маңызды. Сыйбайлас жемқорлықты қабылдамау мәдениеті сөз жеткізуілікпен астаспауға тиіс.

Азаматтарға сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы цифрлық коммуникацияның оңайлатылған тәсілдері арқылы хабарлау мүмкіндігі берілуге тиіс.

Бұл ретте бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мәселелері бойынша қоғамдық резонанс тудыратын сигналдарға ерекше назар аудару қажет. Мұндай кеңінен үн қосу теріс пайдалану және тиімсіз жұмысай фактілерінің алдын алу жағдайында көтермелегенде негіз болуға тиіс.

ЭЫДҰ-ның және ГРЕКО-ның ұсынымдарына сәйкес сыйбайлар жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғаудың кешенді жүйесін заңнамалық деңгейде енгізу талап етіледі.

Ақпарат берушілерді жұмыс орнында қудалау мен қысым жасаудан қорғай отырып, олардың еңбек ету құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды бекіту қажет.

Арыз иесі туралы және оның сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылда көрсеткен жәрдем туралы ақпаратты жария еткені үшін қылмыстық жауаптылық енгізе отырып, оның құпиялышына кепілдік берілуге тиіс.

5-міндет. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету

Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылда үздік нәтижелерге қол жеткізу және қабылданатын шаралардың тиімділігін объективті бағалау мониторингтің тұтас жүйесі арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Енгізілетін жобалық тәсілді ескере отырып, ол объективтілік және жариялышық қағидаттарына негізделетін болады және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ахуалды нақты уақыт режимінде көрсететін индикатор болады.

Мұндай қурал азаматтардың сыйбайлар жемқорлықтың алдын алуға толыққанды қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылда мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының жұмысын рейтингтік бағалау көзі болып, оларды азаматтардың өмір сұру сапасын нақты жақсартуға ынталандырады.

Сыйбайлар жемқорлық деңгейін әлеуметтанушылық өлшеулерді дамыту мәселесі жүртшылықтың мұндай зерттеулердің нәтижелеріне, оларды жүргізу тәсілдері мен әдістеріне кеңінен қолын жеткізу отырып, жеке қарауды талап етеді.

Сыйбайлар жемқорлықты түйсінудің ұлттық индексін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл сыйбайлар жемқорлықпен құрес шараларының қаншалықты тиімді екенін түсінуге, өзгерістерді бағалауға және іске асырылатын сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясатқа түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

6-міндет. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру

Сыйбайлар жемқорлықтың алдын алуға баса мән беріліп жатқан кезде сыйбайлар жемқорлыққа қарсы қызметтің мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дереккорларына және ақпараттық жүйелеріне, қол жеткізуудің нақты негіздерін, алынған ақпаратты теріс пайдалану мен жария ету және оларды қызметтен тыс мақсаттарда пайдалану мүмкіндіктерін болдырмайтын бақылау тетіктерін белгілей отырып, қол жеткізу мәселесін одан әрі пысықтай отырып, үлкен деректерді талдау негізінде интеграцияланған талдау құралдарын қолдану өзекті болып отыр.

Мұндай тетік жасырын заңдылықтар мен тәуекелдерінің арақатынасын, сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтардың үрдістері мен басқа да инсайдтарды анықтауға ықпал ететін болады.

Азаматтардың сыйбайлас жемқорлық алғышарттарының бар екендігі туралы сигналдары кейіннен дең қою шараларын қабылдау үшін үлкен деректерді талдау шенберінде пайдаланылуға тиіс.

"1424" call-орталығы кадрлық және техникалық тұрғыдан озық стандарттарға сәйкес келетін болады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерінің жұмысы мәселелерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның үйлестіруші рөлі күшеттіледі.

Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде кешенділік пен толықтығын қамтамасыз ету үшін Әдеп жөніндегі уәкілдердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен өзара іс-қимылын регламенттеу қажет.

Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде кешенділік пен толықтықты қамтамасыз ету үшін әдеп жөніндегі уәкілдердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен өзара іс-қимылын регламенттеу қажет.

Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың жана тәсілдерінің пайда болуы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерінің біліктілігін үздіксіз сапалы арттыру процесін талап етеді.

Цифрлық қаржы активтерін, криптобиржаларды және басқа да цифрлық платформаларды пайдалана отырып жасалатын қылмыстарды анықтау және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде одан арғы байыпты халықаралық ынтымақтастық шенберінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы озық стандарттарды имплементтеу жөніндегі жұмыс, оның ішінде ГРЕКО-ның және ЭҮДҰ-ның ұсынымдарын іске асыру арқылы жалғасатын болады.

## **6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер**

6.1. 2026 жылдың қорытындысы бойынша нысаналы индикаторлар:

- 1) Transparency International сыйбайлас жемқорлықты түйсіну индексі – 47 баллдан төмен емес;
- 2) өткен 12 айда кемінде бір рет мемлекеттік лауазымды адаммен байланыс жасаған және мемлекеттік лауазымды адамға пара төлеген немесе осы мемлекеттік лауазымды адам парал талап еткен адамдардың үлесі (Орнықты даму мақсаттарының 2030 жылға дейінгі ұлттық индикаторлары тізбесіндегі жаһандық индикатор) – 25,3%-дан жоғары емес;
- 3) Дүниежүзілік банктің мемлекеттік басқару тиімділігі индексі (Government Effectiveness) – 74-75 процентильден төмен емес;
- 4) Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің "Институттар" индикаторы – 48-орыннан төмен емес;
- 5) Дүниежүзілік сот төрелігі жобасының Заң үстемдігі индексі (World Justice Project, Rule of Law Index) – 0,57 баллдан төмен емес;

6) Дүниежүзілік банктің халықтың пікірін есепке алу және мемлекеттік органдардың есептілігі индексі (Voice and Accountability) – 57,5 процентильден төмен емес;

7) Дүниежүзілік банктің сыйбайлас жемқорлықты бақылау индексі (Control of Corruption) – 48-50 процентильден төмен емес;

8) елдің ЖІӨ құрылымындағы мемлекеттің экономикаға қатысу үлесінің қыскаруы – 13,9%-дан жоғары емес;

9) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке халықтың сенім деңгейі (Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі өткізетін нәтижелілікті бағалау шеңберінде) – 66 %-дан төмен емес.

6.2. 2026 жылдың қорытындысы бойынша құтілетін негізгі нәтижелер:

- 1) азаматтық қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша тартылуы;
- 2) ашық және қоғамға есеп беретін мемлекеттік аппарат;
- 3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқарудың тиімді жүйесі;
- 4) транспарентті бюджеттік процестер және бәсекелес сатып алу;
- 5) сыйбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартудың әділ жүйесі.